

**Кәсіптік практиканы өткізу туралы ынтымақтастық
КЕЛІСІМ-ШАРТ**

Нұр-Сұлтан қ.

_____ 201__ ж.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК, университет ректорының 2017 жылғы 10 мамырдағы №422-п бұйрығы негізінде әрекет ететін бірінші проректор-оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Молдажанова тұлғасында, бұдан әрі «Университет» деп аталып, бір тараптан және

(кәсіпорын/ұйым атауы)

негізінде әрекет ететін _____

(аты-жөні, тегі, лауазымы)

тұлғасында, бұдан әрі «Ұйым» деп аталып, екінші тараптан, әрі қарай бірігіп «Тараптар» деп аталып, төмендегідей келісім-шартты жасады:

1 КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ

- 1.1. Жоғары кәсіби білім берудің/жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын орындау және білім алушылармен кәсіби қызметті сатылы үздіксіз меңгеруін қамтамасыз ету мақсатында, Университет осы келісім-шарттың талаптары негізінде тапсырады, ал Ұйым білім алушылардың кәсіби практикасын/ғылыми-зерттеу практикасын тегін негізде ұйымдастыру бойынша міндеттемелерді өзіне алады.
- 1.2. Университет білім алушыларының практикадан өту мерзімі жоғары кәсіби білім беру/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкес келетін оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде анықталады.
- 1.3. Келісім-шартты орындау барысында тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын басшылыққа алады.

2 УНИВЕРСИТЕТ МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Оқытудың тиімді әдістерін пайдалана отырып, білім алушыны жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде оқыту, алған теориялық білімдерін практикалық қызметте қолдануға дағдыландыру және үйрету.
- 2.2. Кәсіптік практиканың басталуынан екі ай бұрын Ұйымға бағдарламаны, кәсіптік практиканы өтудің күнтізбелік кестелерін және білім алушы-практиканттардың санын келісу үшін ұсыну.
- 2.3. Кәсіптік практиканың басталуынан бір апта бұрын кәсіптік практикаға жіберілген білім алушылардың тізімін (тегі, аты-жөні) Ұйымға ұсыну.
- 2.4. Білікті оқытушылардың ішінен практика жетекшілерін тағайындау.
- 2.5. Білім алушылармен еңбек тәртібін орындауын қамтамасыз ету.
- 2.6. Ұйым қызметкерлерімен білім алушылар үшін арнайы курстарды өткізуде көмек көрсету.
- 2.7. Ұйым қызметкерлеріне практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету.

3 ҰЙЫМ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Білім алушылардың кәсіптік практикасын/ғылыми-зерттеу практикасын өткізу үшін Университетке күнтізбелік кестеге сәйкес мәлімет (тұрғылықты жері, телефон) беру.

3.2. _____

мамандығы бойынша оқитын білім алушылардың практика өтуі үшін қажетті жұмыс орындарымен қамтамасыз ету және оларға практика бағдарламасын орындауына жағдайлар жасау.

3.3. Әрбір жұмыс орнында Білім алушының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

3.4. Еңбек қорғау жөніндегі нұсқамалар өткізу.

3.5. Білім алушылармен кәсіптік практика/ғылыми-зерттеу практика және зерттеулерді апробациялау бағдарламаларын орындау үшін жағдайлар жасау.

3.6. Кәсіптік практиканың/ғылыми-зерттеу практиканың басшылығы үшін білікті мамандармен қамтамасыз ету.

3.7. Университеттің білім алушыларына және оқытушы-практика жетекшілеріне, олармен кәсіптік практика бағдарламасын меңгеру және жеке тапсырмаларды орындау үшін Ұйым бөлімшелерінде заңдармен қорғалатын қызметтік және басқа да құпияларды құрайтын ақпараттардан басқа құжаттарды пайдалануына мүмкіндік беру.

3.8. Практика аяқталған соң Білім алушы - практиканттың жұмысын және дайындаған есебінің сапасын бағалау туралы мінездеме беру.

3.9. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Университет түлектерінің жұмысқа орналасуына көмектесу.

4 ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар бірлескен қызмет процесінде белгілі болған жеке өндірістік тәртіп мәліметтерін таратпауға міндеттенеді.

5 КЕЛІСІМ-ШАРТ МЕРЗІМІ

- 5.1. Осы келісім-шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және тұрақты негізде әрекет етеді.
5.2. Келісім-шарт екінші тарапқа шарттың тоқтатылуы туралы мәліметті жіберген соң екі ай ішінде жазбаша хабарлау арқылы ғана тоқтатылады.
5.3 Келісім-шарт Тараптардың өзара келісім бойынша тоқтатылады.

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы келісім- шарт 2 дана етіліп жасалды, әрбір Тарапқа берілген даналардың заңдық күштері бірдей.

7 ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ

Университет

Қазақстан Республикасы
010008, Нұр-Сұлтан қ,
Қ. Сәтбаев көшесі, 2
тел.(7172) 709-500,
факс. (7172) 709-457
ЖСК KZ 978562203105747338
Нұр-Сұлтан қ, «Банк ЦентрКредит» АҚ

Бірінші проректор-оқу ісі жөніндегі проректор

_____ **А. Молдажанова**
(қолы)

м.о.

Кәсіпорын/ұйым

Қазақстан Республикасы

(кәсіпорын/ұйым атауы)

(телефон, факс)

ЖСК KZ _____

Кәсіпорын/ұйым жетекшісі

(аты-жөні, тегі)

(қолы)

м.о.